



МҰҒАЛЖАР

ГАЗЕТ 1930 ЖЫЛДЫҢ 20 ҚАЗАНЫНАН ШЫҒАДЫ

№19 (8173)

14 мамыр 2026 жыл

Құрмет

9 мамыр – Жеңіс күні қарсаңында аудан орталығы Қандыағаш қаласында екі бірдей майдангердің есімі

ЕКІ МАЙДАНГЕРДІҢ ЕСІМІ ҚАЛА КӨШЕЛЕРІНЕ БЕРІЛДІ



көшелерге берілді. Олар – Мұғалжар ауданының Құрметті азаматы, Ұлы Отан соғысының ардагері Өтеш Жалмағамбетов пен «Ұлы Отан соғысының I және II дәрежелі ордендерінің» иегері, аудан журналистикасының дамуына зор үлес қосқан көрнекті тұлға Нұрғали Тастанбаев.



«Құрмет» орденімен наградталып, 2018 жылы Мұғалжар ауданының «Құрметті азаматы» атанды.

Осы «Жаңақоныс» шағын ауданында тағы бір көшеге есімі берілген майдангердің бірі – Нұрғали Тастанбаев. Майдангер-журналистің құрметіне ұйымдастырылған шараға аудан әкімі, бөлім басшылары, ардагердің ұрпақтары, көзін көрген замандастары мен қала тұрғындары қатысты. Рәсімді аудан әкімі Дархан Ермағанбетов ашып, Нұрғали Тастанбаевтың ел дамуы жолындағы еңбегіне тоқталды. Ол өз сөзінде майдангердің ерлігі мен бейбіт өмірдегі қажырлы қызметі

кейінгі ұрпаққа өнеге екенін атап өтті.

Нұрғали Серікбайұлы 1920 жылдың 20 мамырында Ырғыз ауданының Ұзынкөл ауылында дүниеге келген. Алғашқы білімін Шалқар интернатында алып, кейін Ақтөбе педагогикалық училищесінде оқуын жалғастырған. Алматы және Мәскеу қалаларындағы жоғары партия мектептерін тәмамдап, еңбек жолын ұстаздықтан бастаған.

Ұлы Отан соғысына қатысып, аға лейтенант шенімен елге аман-есен оралған. Соғыстан кейінгі жылдары Ұзынкөл мектебінде ұстаздық етіп, кейін Қарабұтақ аудандық «Колхоз жолы» газетінде жауапты хатшы, редактор қызметтерін атқарған. Сонымен қатар аудандық атқару комитетінің төрағасы болып еңбек етіп, бұрынғы Темір, қазіргі Мұғалжар ауданындағы «Жаршы», «Социалистік майдан», «Жұмысшы туы» газеттерінде редактор болған. Партия комитетінің үгіт-насихат бөлімдерін басқарып, елдің қоғамдық-саяси өміріне белсене араласқан.

Саналы ғұмырын ел игілігіне арнаған Нұрғали Тастанбаев «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталып, «Октябрь туы» газетінің редакторы қызметінен зейнеткерлікке шыққан.

Шара барысында ардагердің өмір жолы мен еңбек жолы жайлы естеліктер айтылып, көше атауы жазылған тақтайшаның ашылу рәсімі өтті. Бұл – ел үшін еңбек еткен тұлғаның есімін ұлықтап, кейінгі ұрпақ жадында сақтау жолындағы тағылымды шара болды.



А.ДАРХАНҚЫЗЫ

мағамбетов – тағдырдың талай сынынан өткен, ел үшін аянбай еңбек еткен ардагер. Ол тарихтың қасіретті беттеріне айналған кездердің куәсі болды. «Қонжар» балалар үйіндегі ауыр жылдар, қаншама баланың тағдырына куә болған сәттер оның жүрегінде мәңгілік із қалдырды. Ұлы Отан соғысының отты жылдарын бастан өткеріп, бейбіт өмірде де ел игілігі жолында аянбай еңбек етті. Соғыстан кейінгі жылдары түрлі жауапты қызметтер атқарып, ел дамуына үлес қосты. Отбасында 6 бала тәрбиелеп өсірді. Еңбегі еленіп, «Ұлы Отан соғысының II дәрежелі ордені», «Қызыл жұлдыз», «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Тың игеру» медальдары және «Георгий Жуков» орденімен марапатталған. Тәуелсіздік жылдары да жоғары марапаттарға ие болды. 2015 жылы

Мереке

7 МАМЫР – ОТАН ҚОРҒАУШЫ КҮНІНЕ ОРАЙ МҰҒАЛЖАР АУДАНЫҚ МӘДЕНИЕТ, ТІЛДЕРДІ ДАМУЫ, ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ҚАНДЫАҒАШ ҚАЛАСЫНДА МЕКЕМЕ-КӘСІПОРЫН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ АРАСЫНДА ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКАДАН «КРОСС» ЖАРЫСЫ ӨТТІ.



МЕРЕКЕЛІК КРОССТА ЖУРНАЛИСТ ЖҮЛДЕЛІ БОЛДЫ

Мерекеге арналған бұл спорттық шара аудан тұрғындары мен еңбек ұжымдарының басын қосып, салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталды. Жарысқа қатысушылар әртүрлі қашықтықта бақ сынап, өздерінің ептілігі мен төзімділігін көрсетті. Жарыс барысында әр мекеменің намысын қорғаған қатысушылар барын салып, мәреге жету жолында табандылық танытты. Әсіресе, соңғы айналымдардағы тартысты сәттер көрерменнің қызығушылығын арттырып, жарыс көркін қыздырды.

Аталған жарысқа қатысқан «Мұғалжар» газетінің тілшісі Айгерім Дарханқызы 25-29 жас аралығында жүгірген әйелдер арасында жұлделі I орынды жеңіп алып, арнайы сыйлыққа ие болды.

АУА РАЙЫ



БЕЙСЕНБІ,
14 мамыр күндіз +26, түнде -16,
күн ашық
ЖҰМА,
15 мамыр күндіз +26, түнде +15,
күн ала бұлтты
СЕНБІ,

16 мамыр күндіз +27, түнде +18,
күн бұлтты
ЖЕКСЕНБІ, 17 мамыр күндіз +28, түнде +18,
күн ашық
ДҮЙСЕНБІ,
18 мамыр күндіз +26, түнде +16,

күн ашық
СЕЙСЕНБІ,
19 мамыр күндіз +25, түнде +16,
күн бұлтты
СӘРСЕНБІ,
20 мамыр күндіз +26, түнде +15,
күн ашық

